

1. СТУДЕНТТЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ



Күндізгі бөлімге ақылы негізде оқуға түскен студенттердің жеке, отбасылық және әлеуметтік жағдайларына байланысты оқу төлем ақыларына жеңілдік беріледі:

Студенттер мәселесі	Құжаттар тізімі (көшірме түрінде)	Көмек түрлері
Мүмкіндігі шектеулі студенттер	Жеке куәлік; Мүгедектік туралы анықтама	Оқу ақысына 10% жеңілдік
көпбалалы отбасыларынан шыққан студенттер	Жеке куәлік; Дәрігерлік комиссия хаттамасы; Үй кітапшасы немесе анықтама.	Оқу ақысына 10% жеңілдік
Ата-анасының біреуі жоқ студенттер	Жеке куәлік; Туу туралы куәлік Әкесінің немесе анасының қайтыс болғаны туралы куәлік.	Оқу ақысына 10% жеңілдік
Ата-анасының екеуі де жоқ студенттер	Жеке куәлік; Туу туралы куәлік; Ата-анасының қайтыс болу туралы куәлігі Қамқоршылық туралы куәлік	Бұйрық бойынша ай сайынғы әлеуметтік көмек; Жатақханада тегін тұру; Оқу ақысына 20% жеңілдік
Бір отбасынан екі немесе одан көп бала ақылы негізде оқитын болса	Жеке куәлік; Оқитындығы турады анықтама.	Әр студенттің оқу ақысына 10% жеңілдік

1. Студенттің таңдауы негізінде төлемақы бойынша жеңілдік осы бір ғана тармағы бойынша беріледі;

2. Емтихандары белгіленген мерзімде себепсіз тапсырмаған және ішкі тәртіп ережесін бұзған студенттерден келесі оқу семестрінен бастап жеңілдік алынады;

3. Жеңілдік ағымдағы оқу жылында кем дегенде бір емтиханнан қанағаттанарлық (C+, C, C-, D+, D, D-) баға алған жағдайда келесі оқу жылынан бастап жеңілдік алынады;

4. Студенттің өтініші негізінде төлемақы бойынша жеңілдікке үміткерлер тізімі арнайы құрылған комиссияда талқыланып, проректордың бұйрығымен рәсімделеді;

5. Төлемақы бойынша берілген жеңілдіктер студент университетті бітіргенге дейін жалғасады;

6. Жеңілдікке ие болған білім алушылардың ақшасын Зекет немесе басқа демеушілер төлеген жағдайда жеңілдік алынып тасталынады.